

шыларға салауатты өмір салтын ұстануға, өзінің мәдени, адамгершілік және

дексінің, ішкі тәртіпін, жатақхана ережелерінің және университеттің басқа да нормативтік актілерінің та-

физика-техникалық факультетінің аға кураторы

**Шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімінің оқытушысы Самал Боранқұлова Жапон халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) бірегей жобасы ретінде 2002 жылы Нархоз университетінде ашылған Қазақстан-Жапон адам ресурстарын дамыту орталығының (KJC) 20 жылдық мерейтойына арнайы шақыртумен қатысып, алғыс хат иеленді.**

меттерді тұтынушыларға арналған сериялық тілдескіштердің жапонша нұсқасы, жапон тілінің басты «Минна но Нихонго» оқулығының қазақша нұсқасы авторларының бірі. Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында Ұлттық

## Ерен еңбек жемісі

Алғыс хатта: «Біз сіздің Қазақстан-Жапон адам ресурстарын дамыту орталығының өркендеуіне қосқан үлесіңізді шын жүректен бағалап, бұдан былай да Қазақстан мен Жапония арасындағы бірлескен маңызды жобаларды іске асыруда қолдауыңызға сенім білдіреміз», – делінген.

Самал Боранқұлова – елімізде 30 жыл бұрын ең алғаш Қазақ ұлттық университетінде ашылған жапонтану бөлімінің алғашқы түлектерінің бірі. Университет бітіргелі бері осы оқу орнында жапон тілін оқытып, жапонтанушы мамандар даярлау ісіне зор үлес қосып келеді. Бірнеше жыл Қазақстандағы жапон тілі оқытушылары қауымдастығына басшылық етті. Одан бөлек, Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімінде халықаралық байланыстар бойынша жауапты оқытушы. Түрлі халықаралық бағдарламалар, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысты маңызды құжаттардың бәрі дерлік Самал ұстаздың қолынан өтеді. Жапондық делегациялармен хат-хабар алысу, келіссөздер жүргізу,



Жапонияға түрлі бағдарламамен, түрлі мерзімге оқуға кететін студенттердің құжаттарын реттеу сияқты маңызды шаруаның барлығы Самалдың мойнында. Жапонияның бірнеше университетімен келісімшарт жасасуға еңбегі сіңгеннен бөлек, жапон студенттеріне арналған қысқы және жазғы мектеп ұйымдастыру ісінде де еңбегі зор.

Әріптесіміз Самал Боранқұлова, сондай-ақ, «Қаржы-банк саласына арналған қазақ тілінің оқу-әдістемелік және сөздік-анықтамалық кешені» жобасының аясында әлемнің ең кең тараған 12 тілін қамтыған банк қызметкерлері және қаржылық қыз-

аударма бюросы ұйымдастырған Абай шығармаларын 10 тілге аудару жобасына қатысып, ақын мұрасын жапон тіліне аударуға да атсалысқан.

Аға оқытушы, магистр Самал Боранқұлованың жапон тілін оқыту саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі осылай бағаланды. Біз де құрметті әріптесіміз, Самал ұстаздың еңбегіне алғыс айтып, Қазақстан мен Жапония арасындағы байланыстардың дамуына әлі де зор үлес қосатынына сенім артамыз.

**Медина ШАДАЕВА,**  
Қиыр Шығыс  
кафедрасының аға  
оқытушысы